"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ" ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІ

"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ" ЗТБ

ОБЪЕДИНЕНИЕ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ "АССОЦИАЦИЯ МОЛОДЕЖНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ"

info@youthunion.kz
+7 (707) 550 04 70

info@youthunion.kz
+7 (707) 550 04 70

Шығыс №33
09.04.2024 ж.

**Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне**

2024 жылғы "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №11719287-1 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасының нәтижесіне сәйкес төмендегідей қателіктердің орын алғандығы туралы хабарлаймын:

Біріншіден: Қосымша 2 (Конкурсқа қатысу туралы келісім) бөліміне сәйкес мына шарттарға қол қойған:

**Конкурсқа қатысу туралы келісім**

"Осымен берілген мемлекеттік сатып алуға конкурс тәсілімен әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға тілек білдіреміз және КҚ көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызмет көрсетуге, сондай-ақ Заңның 6-бабында белгіленген КҚ талаптары мен шектеулеріне біздің келісімімізді растайтын мәліметтер алуға келісім береміз.

*Конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергеніміз үшін жауапкершілікті өзімізге толық аламыз".*

Алайда 15-қосымша (Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі) сәйкес: Іс-шаралардың өткізу орны, нақты мекен жайы бөліміндегі кестенің 1,2,3,4 бағандарында **"Жамбылская область, г.Тараз, А.Мамбетова 16 офис 18/1 МРЦ «Qorgau»**" мекен-жайы мен ғимараты ***Тараз қаласында мүлдем жоқ*** ал, кестенің 5 бағанында Жамбылская область, **Тараз Г.А., г.Тараз, ул. Желтоқсан, д. 78, оф**. мекен-жайы толтырылған бұл мемлекеттік ғимарат болғындықтан нақты кеңсенің қабаты және номері жазылмаған.

Екіншіден: Әлеуметтік жобаларды бағалауға “Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы” заңды тұлғалар бірлестігі 10 жылдан астам мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асырып, оның ішінде сатып алынатын қызметтің нысанына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі жұмыс тәжірибесіне сәйкес Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы бағанында 4 емес 5 балл алуы қажет. Яғни жалпы ұпай саны 22 емес 23 баллды құрауы керек.

Жастар мен халықтың осал топтары арасында АИТВ-инфекциясының таралуын болдырмау шараларын жүргізу. ВИЧ / СПИД-тің алдын-алу бойынша білім беру ұйымдарында мамандандырылған мамандардың қатысуымен ашық акциялар ұйымдастырылсын, акциялар. Облыстық теледидарда АҚТҚ / ЖҚТБ / ЖЖБИ-нің алдын-алу туралы бейнеклип дайындау және айналдыру жобасын жүзеге асырған. 11-қосымша Көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтерге сәйкес 2021 УЗО акт .pdf 2021 узо актт.pdf құжаттары қоса жіберілді.

Үшіншеден: “Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы” заңды тұлғалар бірлестігі әлеуметтік жобаны бағалауда 22 балл алған ал, "Өркениетті Қазақстан" қоғамдық бірлестігі 20 балл алған. Әлеуметтік жобаға бірдей қаражаттпен қатысып, бірінші өтінімді “Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы” заңды тұлғалар бірлестігі жіберген. *Алайда бірінші орынмен жеңімпаз "Өркениетті Қазақстан" қоғамдық бірлестігі атануы ешқандай негізсіз.*

*Осыған орай, камералдық тексеру жүргізіп конкурстық комиссия хаттамасының Қағиданың 412-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері қайталап қарап, баллды қайта есептеп беруіңізді және "Өркениетті Қазақстан" қоғамдық бірлестігінің жалған ақпарат беруіне сәйкес Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі бағанына 0 балл қоюуыңызды сұраймын.*

**Бірлестік президенті** **Е.Әбдиев**